

Тірі болсам, хан баласында қазақтың хақысы бар еді, қазаққа қызмет қылмай қоймаймын!..

Потомки ханов имеют непреходящий долг перед казаками и, пока я жив, не перестану служить казахам!..



ӘЛИХАН НҰРМҰХАМЕДУЛЫ
БӨКЕЙХАН

Ақукейхан.

(1866–1937)



Ә Л И Х А Н Б Ө К Е Й Х А Н

ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ 9 ТОМДЫҚ ТОЛЫҚ
ЖИНАҒЫ

VIII ТОМ

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ОРЫС ТІЛДЕРІНДЕ:

МАҚАЛАЛАР
ЖАРИЯЛАНЫМДАР
ҒЫЛЫМИ ІЗДЕНІСТЕР
АУЫЗ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҮЛГІЛЕРІ
КӨРКЕМ АУДАРМАЛАР
ХАТТАР
ЖЕДЕЛХАТТАР (ТЕЛЕГРАМДАР)

1924

(Мәскеу–Ленинград)



Астана, 2013



**А Л И Х А Н
Б У К Е Й Х А Н**

**ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
В 9 ТОМАХ**

VIII ТОМ

НА КАЗАХСКОМ И РУССКОМ ЯЗЫКАХ:

**СТАТЬИ
ЗАМЕТКИ
НАУЧНЫЕ ИССЛЕДОВАНИЯ
ОБРАЗЦЫ УСТНОГО НАРОДНОГО ТВОРЧЕСТВА
ХУДОЖЕСТВЕННЫЕ ПЕРЕВОДЫ
ПИСЬМА
ТЕЛЕГРАММЫ**

1924

(Москва–Ленинград)



Астана, 2013

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)
Б 78

Құрастырушы: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы
Рецензия жазған: Қозыбаев Сағымбай Қабашұлы, тарих
ғылымдарының докторы, профессор, академик

Составитель: Жусип Султан Хан Аккулулы
Рецензент: Козыбаев Сағымбай Кабашевич, доктор исторических
наук, профессор, академик

Б 78 Бөкейхан Әлихан Нұрмұхамедұлы (1866–1937). Шығармаларының
9 томдық толық жинағы = Полное собрание сочинений в 9 томах.
/Құраст.: Жүсіп Сұлтан Хан Аққұлұлы. – Астана: «Сарыарқа».
– 2013. – Қазақша-орысша.
Т. 8. – 528 б.

ISBN 978-601-277-149-7

ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

Қазақтың көрнекті қоғам және мемлекет қайраткері, энциклопедияшы ғалымы және көрнекті публицисі Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханның тұңғыш толық шығармалар жинағы оның 1889–1985 жылдар аралығында мерзімді басылымдарда, ғылыми журналдар мен жинақтарда жарық көрген ірі ғылыми монографияларын, ғылыми зерттеулерін, саяси публицистикасын, әдеби сын мақалалары мен аудармаларын және жеке хаттарын қамтиды.

Осы жинаққа енген барлық материал Сұлтан Хан Аққұлұлының (Жүсіптің) авторлық меншігіне жатады.

Первое полное собрание трудов и сочинений выдающегося казахского общественного и государственного деятеля, ученого-энциклопедиста, одного из основоположников казахского краеведения и видного публициста Алихана Нурмухамедулы Букейхана включает его научные монографии и статьи, политическую публицистику, исследования по казахской литературе и литературные переводы, опубликованные и изданные в период с 1889 по 1985 г., а также письма.

Авторские права на все материалы, вошедшие в настоящий сборник, принадлежат Султан Хану Аккулулы (Жусип).

УДК 821.512.122.0
ББК 83.3 (5 Қаз)

ISBN 978-601-277-149-7 (VIII-том)
ISBN 978-601-277-019-3 (общ.)

© Жүсіп С. А., 2013
© «Сарыарқа», 2013

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАН ӨМІРІНІҢ «САМАР КЕЗЕҢІ» ЖӘНЕ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫ

(Құрастырушыдан)

«Самар кезеңі» – ХХ ғасыр басындағы Алаш ұлт-азаттық қозғалысының көсемі Әлихан Бөкейханның өмірі мен қызметінің жұмбағы көп тұсы. Әлихан Бөкейхан ең алғаш жер аударылғанда Дала өлкесі генерал-губернаторының бұйрығы бойынша «әкімшілік тәртіп» ережесімен Ресейдің Самар (Самара) қаласына жөнелтілді. 1909 жылдың басынан 1917 жылғы ақпан төңкерісіне дейін ол Самар қаласында тұрды.

Бүгінгі Ресей Федерациясының Самар облыстық мемлекеттік мұрағатынан табылған жаңа құжаттар қазақ халқының ХХ ғасыр басындағы ұлт көсемі Әлихан Бөкейхан өмірінің беймәлім тұстары туралы көп мағлұмат береді және бұрыннан белгілі тарихи деректерді толықтырады. Самарлық журналист әрі өлкетанушы Валерий Ерофеев Самар облысының мемлекеттік мұрағатындағы Әлихан Бөкейхан туралы құжаттар мен облыстық тарихи-өлкетану мұражайынан табылған фотосуретін жіберді. Ол суретке Әлихан Бөкейхан Самардағы кадет партиясының мүшелерімен бірге түскен (1-сурет).

Бұл құжаттардың көбі Самар губерниялық жандарм басқармасының құпия жазбаларынан алынды. Бұл басқарма жансыздар мен сырттай аңду қызметі көмегімен Әлихан туралы мағлұматтар жинап отырған.

Жасырын мәлімет берушілер өздері «қамқорлыққа алған адамдарының» жүріс-тұрысы мен қайда барып, кіммен кездескенін аңдып, арнайы журналға тіркеп отырған.

Журналдың сыртына «Самар қаласы бойынша 1915 жылғы мамырдың 3-інен 1916 жылғы қаңтардың 1-іне дейін әскери тыңшы ретінде күдікке ілінген және жергілікті (қандай ұйым екенін өшіріп тастаған – САҚ.) ұйымға мүше адамдар үстінен жүргізілген бақылау деректерінің жалпы ақпары» деп жазылған.

Ол жазбаларға қарағанда, аңду қызметі «тыңшы ретінде күдікке ілінген» кісілерге құпия аттар қойып алған көрінеді. Бірақ оны «күдіктілердің» өздері білмеген. Жандармерия жазбаларында Әлихан Бөкейханнан бөлек, аңдуға іліккен тағы үш тарихи тұлғаны атап өтуіміз керек. Бұл Александр Керенский – IV-інші Мемлекеттік Думаның депутаты және «Ресей халықтарының ұлы Шығысы» [«Великий Восток народов России»] атты масон ложасының мүшесі; Николай Гладиш¹ – сол кездері қалалық Думаның және IV-інші Думаның депутаты әрі конституциялық-демократиялық немесе кадет партиясының мүшесі; Исидор Рамишвили. Бұл адамдармен Бөкейхан саяси қызметінің түрлі кезеңдерінде бірге жұмыс істеді.

Бізге белгілі болған бір қызық жайт – жандармерияның жансыз құпия агенттерінің есептерінде Керенскийге «Думский»; Гладишке «Гласный», Рамишвилеге (2-сурет) «Атаман» деген аттар қойылса, «Алаш» қозғалысының көшбасшысына «Асман» және «Калмык» деген екі бірдей жасырын ат беріліпті.

МАСОНДАР ҚАУЫМДАСТЫҒЫ

Келтірілген деректерді талдамастан бұрын, Самар мұрағатынан алынған мағлұматтар мен құжаттардың жаңалықтарын атап өтейін.

Біріншіден, Әлихан Бөкейхан самарлық кадеттер тобының, яғни «ка-де» немесе «Халық бостандығы» партиясының Самар губернелік тобы жетекшілерінің бірі болған. «Әлихан Бөкейхан 1912 жылдан бастап партияның орталық комитетінің мүшесі болып келген» деген дерек те осыны растайды. Бұл жайлы оның өзі 1937 жылы Бутырка түрмесінде толтырған «тұтқын сауалнамасында» [немесе «тұтқын анкетасында». Автор.] да жазған.

Екіншіден, жандармерия жансыздарының сырттай бақылауына қарамастан, Әлихан Бөкейхан жергілікті кадеттер тобының көсемі ретінде ғана емес, Самар губернесіндегі ма-

1 Әлихан. Гладиш, Николай Александрович. Мүнәһиб-Некролог. //«Қазақ» газ., № 188, 1916 ж. С.-Петербург.

сондар қауымдастығының жетекшісі ретінде де белсенді саяси қызмет атқарғаны мәлім болып отыр.

Жергілікті өлкетанушы Валерий Ерофеевтің «Әлихан Бөкейхан масон ұйымына Самар қаласында қабылданды» деген пікірі бұлтартпайтын тарихи деректерге қайшы келеді. Өзге мұрағат құжаттарына сәйкес, «Алаш» қозғалысының көсемі ХХ ғасыр басындағы орыс масондарының қатарына Александр Керенскийден әлдеқайда ерте өткен. Атап айтсақ, Әлихан Бөкейхан масондыққа Петербург қаласындағы «Полярная звезда» масон ложасына, осы ложаның құрылған кезі – 1906 жылдан бастап қабылданған. Ол туралы осы жолдардың авторы 1993–1994 жылдары «Казахстанская правда» газеті мен «Простор» журналында жарияланған зерттеуінде тарихи деректер мен В. Ленин бастаған бөлшебектердің 1917 жылғы «қазан бүлігінен» кейін Батыс Еуропаға қашқан орыс эмигранттарының естеліктері негізінде жан-жақты сипаттап жазған болатын.²

«Полярная звезда» масон ложасы патшалы Ресейді реакцияшыл премьер-министр Петр Столыпин билеп-төстеген кезеңде «Великий Восток народов России» деген жаңа атаумен қайта құрылды. Қайта құрылғанда масон бауырластығының құрамынан қызық көріп кірген мүшелері аластатылып, саяси белсенді әрі ықпалды саясаткерлердің жаңа буыны және әскери қолбасылар тартылды. Керенскийдің өзі алдымен ағылшын тілінде Нью-Йоркте (АҚШ»), кейін орыс тіліне аударылып Ресейде қайта басылған естелігінде «масон ұйымына қабылданған жылым» деп 1912 жылды көрсетеді.³ Бұл оның IV-інші Мемлекеттік Думаға депутат болып сайланған жылы болатын.

Үшіншіден, агентура мәліметтерінде Бөкейханның Керенскиймен Самарда 1914 және 1915 жылдары үш рет кездескені жазылған. Бұл деректің жаңалығы – Әлихан Бөкейхан кадет партиясының Самар тобының саяси жетекшісі ғана емес, сондай-ақ Самар масондарының көсемі, «шебері» (мас-

2 Аккулулы, С. А. Букейхан и русское масонство. Газета «Казахстанская правда», 28.10.93 г.; журнал «Простор», 1994, № 3, стр. 130-138;

3 Kerensky A. Russia and History's Turning Point. New-York, 1965;

тер») саналған және осы мәртебесіне сәйкес жергілікті масон қауымдастығы қатарына жаңа мүшелер қабылдап отырған.

Мысалға, «Самар тарихы» («История Самары») кітабында Александр Елшин деген жергілікті кадеттер тобы хатшысының естеліктерінен қысқаша үзінді келтіріледі. Үзіндіде естелік авторы Әлихан Бөкейханның кнәз В. А. Кутушевтің үйінде масондар қатарына өзін (яғни А. Елшинді) қалай қабылдағаны суреттеледі. Бір аса қызықты тарихи жайт: Самарда саяси айдауда жүрген жылдарында Алаш көсемі отбасымен кнәз Кутушевтің осы үйінде тұрды. Демек, жергілікті масон ложасының лидері – «шебері» мәртебесі бар Ә. Н. Бөкейхан бауырластықтың астыртын мәжілістерін және жаңа мүшелерді қабылдау рәсімдерін осы үйде өткізіп келген болады. А. Елшинді қабылдаған рәсімге масондар қауымдастығының Жоғарғы Кеңесінің құзырлы өкілі ретінде Санкт-Петербургтен келген А. Ф. Керенский де (3-сурет) қатысқан. «Присяжный поверенный» немесе адвокат болған А. Елшиннің естелігінде сөзбе-сөз былай жазылған: «Утром я пришел к В. А. Кутушеву – Казанская, 30. Брат [Алихан Букейханов] привел меня в дальнюю комнату с балконом на двор и сказал, что по правилам устава я не могу пока никого из собравшихся «братьев» видеть. Затем он принес мне опросный листок – отношений к самому себе, к семье, к обществу, государству, человечеству и предложил дать письменный ответ... Через некоторое время я услышал шаги вошедших людей, и затем голос Керенского заявил мне, что нахожусь перед делегацией Верховного Совета братства масонов. Было задано мне несколько вопросов, и затем, стоя, я повторил за Керенским клятву. После этого с меня сняли повязку. Меня все трое поздравили, и мы расцеловались по-братски...».⁴

Ресейде астыртын құрылған масон ложасының негізгі мақсаты – патшалық самодержавиені құлату және Александр Елшиннің жазуына қарағанда, «Ленин-Бронштейн»⁵ то-

4 Елшин А. Г. Самарская хронология. – Самара, 1918 г. 52 стр.

5 Бронштейн, Лейба Давидович – Лев Давидович Троцкийдің нағыз аты-жөні.

бына» тойтарыс беру үшін Ресейдегі барлық демократиялық партиялардың күшін біріктіру. Мұндағы «Ленин-Бронштейн тобы» – масондардың ұйғарымы бойынша – «қоғамды басқару жөніндегі құпия ілімді білетін, бірақ ол білімдерін адамзатқа қарсы зұлымдық жолында пайдаланған сатанистер» көрінеді.

Масон бауырластығына қабылданғаннан соң Елшин, өзінің жазуынша, Ресейдің сол кездегі ахуалы туралы, ілгерішіл мемлекеттік жүйені қалап тұрғызудың жаңа формалары туралы, ұлы держава – Ресейге қарсы астыртын жоспарланып жатқан халықаралық қаржылық қастандығы жайында және ол қастандықты Еуропаның Ресейге жау мемлекеттерінің ғана емес, жалған дос елдерінің де арнаулы барлау қызметтерінің көздеп отырғаны жөнінде масондық құпия білімін алған. Масондардың пікірінше, Ресейдің жаулары «Ленин мен Бронштейн шайкасын» ақша беріп өз қызметіне жалдаған. Оған тойтарыс беру үшін орыс масондары өзіндік жүйе құрып, сол арқылы қолайлы мемлекеттік билік принциптерін орнықтыру жолында өз «бауырларын» саяси билік құрылымдарына ендіруге ұмтылуға тиіс.

Төртіншіден, көңіл аударуға лайық тағы бір дерек – патшалық жандармерия жансыздарының жазбаларында көрсетілген Әлихан Бөкейханның Самардағы нақты мекенжайы. Осы жазбаларда және Александр Елшиннің берген куәлігі бойынша бұл – жергілікті князь В. А. Кутушевтің Казанская көшесінде орналасқан үйі. Үйдің нөмірі – 30 (4-сурет).

Алты Алаштың Әлиханы «орыстың ерікті тас қашаушыларының арасында не істеп жүр?» немесе «қазақ көсемі қандай мақсат-мүддені көздеп орыс масоны болды?» – дегендей сауалдың да туары заңды. Бұл сауалға аса маңызды жауаптың бірін А. Керенский өзінің мемуарлық еңбегінде береді: **«Повторяю еще раз: все наши усилия имели целью установление в России демократии на основе широких социальных реформ и федерального устройства государства».**⁶

А. Ф. Керенский, сонымен қатар, 1917 жылы ақпанда құлаған самодержавиелік биліктің орнына құрылған Уақытша үкіметтің іс-қимылына масон ложасының ықпалы жөнінде әлгі

6 Керенский А. Russia and History's Turning Point. New-York. 1965.

естеліктерінде былай деп ашық жазды: «Такой внепартийный подход позволил достичь замечательных результатов, наиболее важный из которых – создание программы будущей демократии в России, которая в значительной мере была воплощена в жизнь Временным правительством. ...В действительности положение в России и насущные нужды нашей страны обсуждались на съездах масонов людьми, которые вовсе не пытались навязать друг другу свои политические программы, а руководствовались лишь своей совестью в стремлении найти наилучшие решения. Мы ощущали пульс национальной жизни и всегда стремились воплотить в нашей работе чаяния народа».⁷

Алаш көсемі өмірінің «Самар кезеңімен» тығыз байланысты аса маңызды тарихи оқиға – қазақ халқының ұлттық мемлекеттігінің іргесін қайта көтеруді көксеген ұлттық интеллигенцияның саяси күресінің анағұрлым заманауи және сапалы деңгейге көтерілуі. Оның бірден-бір айғағы – «Алаш» қозғалысы жетекшісінің жалпыұлттық алғашқы газет – «Қазақ» басылымын жарыққа шығаруға мұрындық болуы еді.

ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ТҰҢҒЫШ МЕРЗІМДІ БАСЫЛЫМДАР

Бірінші болып 1882–1870 жылдар аралығында Ташкентте басылып тұрған «Түркістан уалаятының газеті» дүниеге келді. Бұл мерзімді басылым Түркістан генерал-губернаторының ресми үнқағазы – «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына төрт рет қазақ және өзбек тілдерінде алма-кезек шығып тұрды.

Басылым жабылған соң, 1888 жылы Дала генерал-губернаторының Омбыдағы кеңсесі жанынан «Дала уалаятының газеті» деген атаумен екінші басылым жарық көре бастады. Жаңа газет 1894 жылға дейін «Особое прибавление къ «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» басылымына, 1900 жылға дейін – «Акмолинскимъ, Семипалатинскимъ и Семиречинскимъ областнымъ ведомостямъ» басылымының «Киргизская степная

7 Сонда.

газета» атауымен басылып тұрған үнқағазына, ал біржола жабылған 1902 жылға дейін «Акмолинскимъ областнымъ ведомостямъ» газетіне қосымша ретінде жарық көріп тұрды. Мерзімді қазақ баспасөзінің ресми тарихнамасы бойынша, аталған екі басылым мерзімді қазақ баспасөзінің басы деп саналады.

Көп ұзамай өзге басылымдар шыға бастады. 1905–1907 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі тұсында шығып, қазақтың қоғамдық-саяси өміріне онша ықпал ете алмай ғайып болған «Серке» және «Қазақ газеті» солардың қатарында.

1911 жылы шыға бастаған өзге екі басылым – «Қазақстан» газеті мен «Айқап» журналы әлдеқайда салмақты көрінді және дәуірі ұзағырақ болды. Газетті кадет корпусының түлегі, белгілі ақын әрі ағартушы Шәңгерей Бөкейұлы ашты, ал журналды шығаруға белгілі қоғам қайраткері, публицист әрі педагог Мұхаметжан Сералин мұрындық болды әрі өзі редакторлық етті.

15 нөмірі жарық көрісімен отаршыл биліктің күштеуімен жабылған «Қазақ» газетіне қарағанда, түрлі дерек бойынша таіралымы 500-ден 1 мыңға дейін жеткен «Айқап» журналының тұрақты оқырмандары болды.

«АЙҚАП» НЕГЕ ШЫҚПАЙ ҚАЛДЫ?

«Айқап» журналының алдыңғы басылымдардан, әсіресе патша әкімшілігінің ресми баспа үні болған «Түркістан уалаяты» мен «Дала уалаяты» газеттерінен ерекшелігі – журналда қазақтың 20-ғасыр басындағы әдеби-мәдени қозғалысы мен қоғамдық пікірінің дамуы айтарлықтай көрініп тұрды.

Сорбонна (Париж) университеті зерттеушілерінің мәліметінше, «Тарихшылар, педагогтар, лингвистер мен ақындардан құрылған тамаша ұжымның арқасында «Айқап» журналы өте жақсы көркемделген 20 бет болып басылып тұрды» және «Әдеби қазақ тілінің қалыптасуы мен әдебиеттің дамуына едәуір үлес қосты; ұлттық мәдениетке ерекше ден

қойған журнал көп ізденісін халық шығармашылығы мен қазақ этнографиясына арнады».⁸

Ахмет Байтұрсынұлының қазақ тілі бойынша тұңғыш зерттеулерін осы «Айқап» журналында жариялағанын айта кеткен дұрыс.

Алайда 1915 жылы 83-саны (басқа дерек бойынша, 88-саны) жарық көрген, қазақтың тұңғыш мәдени-ағартушы журналы болған «Айқапты», бір мәлімет бойынша, отаршыл әкімшілік күштеп жапты, басқа дерек көздеріне сәйкес, қаржы тапшылығынан жабылды.

«ҚАЗАҚТЫҢ» ЖАРЫҚҚА ШЫҒУ ТАРИХЫ

Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Жанұзақ Жәнібекұлы, Райымжан Мәрсеқұлы және басқалар бастаған алдыңғы қатарлы қазақ оқығандары жалпыхалықтық газет ашумен 1905 жылдан айналыса бастады. Алдымен олар «18 ақпан жарлығы» шығысымен өздерінің саяси талаптарын әйгілі «Қарқаралы петициясына»⁹ тізіп жазып, осы жарлыққа қол қойған орыс патшасының атына поштамен жөнелтеді.¹⁰

Петицияның 3-тарауында: «Қазақ халқының қазіргі мұқтажын айқындау үшін қазақ тілінде газеттер басып шығару қажет, ол үшін бастапқы цензурасыз баспахана ашуға және газет басуға рұқсат сұрау емес, құлақтандыру тәртібін орнату керек болады» деп жазылған еді. Сол жылғы желтоқсан айының басында ақпарат көзі ретінде Санкт-Петербургтің «Новая жизнь» газетін сілтеп көрсеткен семейлік «Семипалатинский листокъ» «**17 қазан манифесі мен**

8 Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. «Пресса и национальное движение среди мусульман России до 1920 года». Париж, 1964 г.

9 Петиция казаховъ [киргизъ]. //«Сынъ отечества», газ., № 173, 04.09.1905 г. СПб.

10 Выступление А.Н.Букейханова на ноябрьскомъ съезде земскихъ и городскихъ деятелей въ Москве. //«Семипалатинский листокъ», газ., № 239, 08.12.1905 г. Семипалатинскъ.

одан кейінгі тұста **Ә. Бөкейхановтың қазақ тілінде газет ба-
сып шығару үшін қырға жүріп кеткенін**» хабарлады.¹¹

Ал 1905 жылдың қараша айында Алаш көсемі Ресейдің «жергілікті (земский) және қалалық қайраткерлерінің» Мәскеудегі сиезінде қазақтың сөз бостандығына зәру екенін айтып сөз сөйледі. Ол: **«Ана тілін еркін қолдану қазақтардың таяу арадағы мұқтажы, сөз бостандығы әсіресе алдағы сайлау науқанына қажет»** деп мәлімдеді.¹²

«ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНІҢ ҚАЗАҚ ДАЛАСЫНДАҒЫ «ҮСТЕМДІГІ»

Тарихи деректерге қарағанда, «Қазақ» деген атаумен қазақ газетін Орынборда басып шығаруға ресми рұқсат басылымның меншікті иесі ретінде Мұстафа Оразайұлына және бас редакторы есебінде Ахмет Байтұрсынұлына 1905 жылғы желтоқсанның 9-ы күні берілген.¹³

Ерекше айта кету керек: Алаш зиялылары, оның ішінде ең алдымен Әлихан Бөкейхан газетті Семейден шығаруды жоспарлаған болатын. Алайда, 1907–1905 жылдардағы бірінші орыс төңкерісі жеңіліс тауып, одан да зоры – бүкіл 5 миллион қазақ халқын сайлау-сайлану хұқынан айырған «1907 жылғы 3-маусым заңы» қабылдануының салдарынан қазақтың ұлт-азаттық қозғалысының көсемдері Дала өлкесінен қуылды: 1909 жылы Семей түрмесінен бостандыққа шығысымен Ә. Бөкейхан Самарға, сол түрмеден 1910 жылы шыққан А. Байтұрсынұлы – Орынборға жер аударылды, 1913 жылдың 5 наурызында тағы да Семей түрмесінде 1,5 жылдай отырып шыққан М. Дулатұлы да Орынборға да Ахаңа келіп қосылды. Дәл сол 5 наурыз күні «Қазақ» газетінің 5 саны жарыққа шыққан еді. Ал апталық

11 Из сибирской жизни: Член Государственной Думы от киргиз Семипалатинской области Букей-Хавнов Алихан Нурмухамедович. //«Наша жизнь», газ., 21(4 июля) июня 1906 г. СПб. – «Семипалатинский листок», газ., № 34, 20.06.1906 г. Семипалатинск.

12 Сонда.

13 ЦГИА г. С.-Петербурга: фонд № 776, опись № 21, дело № 16.

«Қазақ» газетінің алғашқы саны 1913 жылғы ақпанның 2-сінде жарық көрді де, 1915 жылдан аптасына екі рет шығатын болды.

Газет қолдан қолға, ауылдан ауылға өтіп, тозып жетіп жыртылғанша оқылды. Оны сол заманда Дала және Түркістан уалаяттарына немесе 9 облыс пен 1 губернеге бөлінген¹⁴ Қазақстанның түкпір-түкпіріндегі жұрт жаздырып алды.

«Қазақ» газетін отаршыл империяның езгісіндегі Польшаның Варшавасы мен Киевтен Қазанға, Санкт-Петербургдан Томскіге дейінгі университеттерінде білім қуып жүрген қазақ студенттері, тіпті Қытай қазақтарының жаздырып алып оқитыны туралы деректер газеттің өзінде де кездеседі. Аз уақыт ішінде «Қазақ» 5 миллионға жуық көшпенді халықтың көпшілігі білетін жалпыұлттық мерзімді басылымға айналды.

Алғаш жарық көрген күнінен бастап «Қазақ» газеті қазақ даласының қоғамдық-саяси және мәдени өміріне 6 жылдан ұзақ жападан-жалғыз қызмет етті.

Оған қоса өзінен бұрынғы басылымдардың бірі де жаңа газетпен не сапасы, не көтерген тақырыптарының сан-салалығы, не таралымы жағынан тең келе алмады. Бірінші жылы 3 мың таралыммен шығып тұрған «Қазақтың» таралымы, Сорбонна университеті (Париж, Франция) зерттеушілерінің мәліметіне қарағанда, көп кешікпей 8 мыңнан асып жығылды.¹⁵ Бұл өзінен бұрынғы басылымдардың бәрін қосқанда да көп болады.

Егер «Серке» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» журналы оқыған және қалталы қазақтардың арасынан шыққан бір азаматтың немесе санаулы халықшыл азаматтың кездейсоқ және жеке бастамасымен пайда болса, «Қазақ» газеті тиянақты мақсат-мүддені көздеп, тұрақты қаржыландыру көзіне сүйенген ұжым еді.

Егер қайсыбір басылым, мысалы, «Қазақстан» мен «Қазақ газеті» немесе «Айқап» негізінен қаржының жетіспеуінен тоқтап қалған болса, «Қазақ» газетінің сенімді демеушілері болғанына мынадай дәлел бар: газет шығып тұрған 1913 жылдың

14 Қыр баласы. Қазақ. //«Қазақ» газеті, № 8, 1913 жыл. Орынбор.

15 Беннигсен А., Лемерсье-Келькежей Ш. «Пресса и национальное движение среди мусульман России до 1920 года». Париж, 1964 г.

ақпанынан 1917 жылдың соңына дейін оның бас редакторы Ахмет Байтұрсынұлы сан рет тұтқынға алу немесе айыппұл төлеу секілді түрлі жазаға тартылса, абақтыға жабылған әр жолы бірнеше мың патша рублі мөлшерінде ақшалай кепілдік төлеп босап шығуына тура келетін. Ол заманда мұндай қаржыға «Қазақ» секілді бірнеше газет ұйымдастырып басып тұруға болатын.

«ҚАЗАҚТЫҢ» ҚҰРЫЛТАЙШЫЛАРЫ

Әлихан Бөкейхан 1910 жылы Санкт-Петербурда жарық көрген «Қазақтар» атты тарихи очеркінде¹⁶ атап көрсеткендей, 1917 жылға дейін қазақ арасында қалыптаса бастаған екі саяси толқынның бірін «ұлттық-діни қозғалыс» деп атауға болады.

Екінші саяси қозғалысты Ә. Бөкейхан «батысшы» деп атайды және «ол қазақ даласының келешегін – кең мағынада айтқанда – саналы түрде Батыс мәдениетін жүзеге асыру арқылы көреді».

Егер де алдыңғы мерзімді басылымдарды негізінен ұлттық-діни қозғалыстың өкілдері ашқан болса, «Қазақ» газетінің құрылтайшылары – Әлихан Бөкейханның өзі мен оның сенімді үзеңгілестері – Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы (5-сурет), Райымжан Мәрсекұлы (6-сурет) сынды «батысшылар» болатын.

Оксфорд университетіндегі Орталық Азияны зерттеу қоғамының пікірінше, «Қазақтың барлық маңдайалды жетекшілері оның [«Қазақ» газетінің] қызметкерлерінің арасында жүрді, оның ішінде М. Жұмабайұлы, М. Дулатұлы, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омарұлы, А.-Х. Жүндібайұлы, М. Тынышбайұлы (7-сурет) және тағы басқалар бар...».¹⁷

16 Букейхановъ А. Н. Киргизы. //Костелянскій, А. Н. (ред.). Формы национального движения въ современныхъ государствахъ. стр. 577–600. 1910 г. СПб.

17 Общество изучения Средней Азии. «Казахи о русских до 1917 года. А. Букейханов, М. Дулатов, А. Байтурсунов, Т. Рыскулов». //Оксфорд, Англия, 1985 г. Репринтная серия № 5.

«А. Байтұрсынұлы және басқалар өздерінің қазақ тарихы, қазақ фольклоры және лингвистикасы туралы зерттеулерін жариялады. Жалпы «Қазақ» газеті өте жоғары ғылыми деңгейге жетті» деп есептейді Оксфорд университетінің зерттеушілері.¹⁸

Әйтсе де «Қазақ» газетінің құрылтайшылары ағартушылықпен қатар, негізі 1905 жылғы «Қарқаралы петициясына» жазылған саяси мақсаттар мен мүдделерді де, оның ішінде стратегиялық мақсаттарды жүзеге асырғысы келді.

Петицияда көрсетілмеген маңызды мүдденің бірі – газеттің атауы. Ол туралы «Түрік баласы» газеттің екінші санынан бастап «Қазақ тарихы» айдарымен жарияланған тізбекті мақаласында былай деп жазды: «...**Біздің қазақ өзінің атынан айрылып, қырғыз атанып жүрмекші емес. Қияметке шейін қазақ қазақ болып жасамақ. Осы ғасырдағы әлем жарығына қазақ көзін ашып, бетін түзесе, өзінің қазақшылығын жоғалтпағандай, және өзіміздің шарқ әдетіне ыңғайлы қылып «Қазақ мәдениеті» (Казакская культура) құрып, бір жағынан «Қазақ әдебиеті» (Казакская литература) тұрғызып, қазақшылығын сақтамақшы**».¹⁹

«ҚАЗАҚ» ЖАБЫЛДЫ, БІРАҚ ОНЫҢ БАСТЫ МАҚСАТЫ ОРЫНДАЛДЫ

«Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының орта және ұзақ мерзімге жоспарлаған саяси мақсат-мүдделеріне тоқталсам, олар мыналар болатын:

– Қазақтардың 1907 жылғы 3 маусым заңымен жойылған сайлау және сайлану құқығын қалпына келтіру;

– Келімсектерді қоныстандыру арқылы отарлау саясатына қарсы тұру және тәркіленген жерлерді қазақтарға қайтарып алып, меншікті жері ретінде заңдастыру;

18 Сонда.

19 Түрік баласы. Қазақ тарихы. //«Қазақ» газеті, № 3, 16.02.1913 жыл. Орынбор.

– Ауыл мектептеріне қазақ әліппесін енгізу, осы мектептерде балаларды ана тілінде оқыту және Болыс кеңселері мен халық соттарында ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізу арқылы астыртын және ашық орыстандыру саясатына төтеп беру;

– Дала өлкесіне заң жүзінде земство (жергілікті басқару) тетігін енгізу мен дамыту арқылы жаңа қазақ мемлекетінің іргетасын қалай бастау;

– Қазақтарды әскери қызмет атқаруға заң арқылы міндеттеу, сол арқылы қазақтар үшін қазіргі заманның әскери ілімі мен қару-жарағына жол ашу.

Ал «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшыларының көздеген түпкілікті мақсаты – қазақтың ұлттық мемлекеттігін қайта көтеру және Әлихан Бөкейхан өзінің «Қазақтар» очеркінде атап өткендей, қазақтың ұлттық салт-дәстүрі негізінде «батыс мәдениеті жүзеге асырылуға тиіс» болатын.²⁰ Алдына міне осындай мақсат-мүдделерді қойған «Қазақ» газеті мен оның құрылтайшылары мақсаттарына монархиялық билік дәуірінде қантөгіссіз күрес жолымен жетуге ұмтылды. Алайда, отаршыл империя заманынан аман шыға білген «Қазақ» газеті совет өкіметінің Қазақстанға билік орнатуға тырысқан алғашқы күндерінде-ақ – 1918 жылдың наурызында біржола жабылды. Көп ұзамай оның құрылтайшылары мен авторларының басым көпшілігі саяси қуғын-сүргін кезінде атылып кетті.

Ал Алты Алаш көсемі – Әлихан Бөкейханның саяси қуғында өткізген «Самар кезеңін» бірауыз сөзбен түйіндесем, саяси қуғында болған 1917–1909 жылдары ол көптеген ғылыми-публицистикалық еңбектер жазды. Петербордан басылып шығатын «Сибирские вопросы» журналы, кадет партиясының «Речь» және «Слово»,²¹ Ресей мұсылмандарының

20 Әлихан Бөкейхан. Таңдамалы – Избранное. //«Қазақ энциклопедиясы». Алматы, 1995 ж. 66 бет.

21 «Речь» және «Слово» газеттерінде жарияланып тұрғанын Ә. Н. Бөкейхан 1937 жылдың шілдесінде Мәскеуде тұтқындалып, Бутырка түрмесіне жабылған соң өз қолымен толтырған «тұтқын анкетасында» жазып көрсетті. Құжаттың көшірмесін 1995 наурызында Ресейдің федералдық қауіпсіздік қызметі (ФСБ РФ) ұсынды.

«Мусульманская газета», «В мире мусульманства» газеттеріне²² (бәрі де С.-Петербургта басылып шығып тұрды) мақалалар жариялады. Патшалы Ресей астанасы – Петербурда 1917 жылға дейін шығып тұрған Ф. А. Брокгауз бен И. А. Ефронның «Жаңа энциклопедиялық сөздігінің» редакция алқасының мүшесі болды.

Әлихан Бөкейхан үшін Самардағы саяси қуғынның мерзімі – Ресей империясын 300 жылдан астам билеп-төстеген Романовтар әулетінің ақырғы өкілі – II-нші Николай патшаны тақтан түсіріп, самодержавиелік билікті құлатқан 1917 жылғы Ақпан төңкерісінің арқасында ғана аяқталды. Алаш көсемі Ақпан төңкерісін майдандағы тыл жұмыстарына шақырылған қазақ жігіттерінің күй-жайын күту үшін Батыс майдан шебінде Минскі түбінде Земгорсоюз ұйымының «бұратаналар бөлімін» басқарып жүріп қарсы алды. Көп ұзамай құлатылған самодержавиенің орнына құрылған бүкілресейлік Уақытша үкіметтің Қостанай облысындағы комиссары болып тағайындалып, елге оралды да, қазақтың тұңғыш саяси ұйымы – Алаш партиясын құрып, екі бірдей жалпықазақ сиезін, оның ішінде Алашорда ұлттық-территориялық автономиясын жариялаған 1917 жылдың 5–13 желтоқсан күндеріндегі II-жалпықазақ сиезін шақыруға мұрындық болды. Іс жүзінде қазақтың ұлттық мемлекетінің іргетасын қайта көтерген Алашорда автономия жарияланған күні – Әлихан Бөкейхан басым дауыспен оның тұңғыш әрі ақырғы төрағасы болып сайланды.

22 «Мусульманская газета» және «В мире мусульманства» газеттерінен Ә. Н. Бөкейханның 1911-1912 жылдары «Киргизь-Кайсакь», «Алихан», «Ал.-Кочевникь» деген бүркеншек есімдерімен жариялаған мақалалары табылды: Киргиз-кайсакь. Изъ жизни киргизь//«Въ мире мусульманства», газ., № 32 от 25 ноября 1911 г.; Алихань. Заметки читателя (по поводу Устава о воинской повинности)//«Въ мире мусульманства», газ., № 36 от 23 декабря 1911 г.; Ал. Кочевникь. Жертва «черной смерти» (Рубрика «Изъ жизни киргизь»). //«Мусульманская газета», газ., № 25 от 24 декабря 1913 г. СПб.



1-сурет: Бүкілресейлік қалалар мен земстволар одағының Самар губерне-лік комитеті. Сурет Самар қалалық басқармасында түсірілген. Солдан оңға қарай (отырғандар): П. П. Подбельский – адвокат (присяжный поверенный – аймақтық сот немесе сот палатасы құрамындағы адвокат), К. Г. Гладков – адвокат, **А. Г. Елшин – адвокат**, В. В. Тейс – қалалық Думаның мүшесі (гласный), П. Л. Кузьмин – қалалық Дума мүшесі, С. Е. Пермяков – Самар қаласының басшысы, комитет төрағасы, В. П. Ушаков – қалалық басқарма [управа] мүшесі, В. А. Тыртов – зейнетке шыққан генерал-лейтенант, С. А. Елачич – «Волжский день» газетін шығарушы. Тұрғандар: **Ө. Н. Бөкейхан (Бөкейханов) – Мемлекеттік Думаның бұрынғы депутаты**, А. В. Тейтель – губерnelік земство басқармасының агрономы, И. С. Анисимов – адвокат, М. Н. Лапушкин – қалалық басқарма колонизациялық бөлімінің технигі, Н. М. Скуляра – армияны жабдықтау мен қамсыздандыру жөніндегі қалалық комитеттің бас инженері, А. В. Матульский – сол комитеттің бас дәрігері, Н. Ф. Николаевский – қалалық басқарманың [управа] хатшысы, **В. А. Кугушев – қалалық Дума депутаты [гласный], кнәз**, М. П. Сидоров – адвокаттың көмекшісі [помощник присяжного поверенного], Л. С. Кравцов – адвокат. Еденде отырғандар: Стояновский – облыстық комитеттің технигі, М. С. Рябкин – адвокаттың көмекшісі [помощник присяжного поверенного], В. А. Кузьмин – облыстық комитеттің хатшысы, Н. И. Боголюбов – адвокаттың көмекшісі (фотосуретті П. В. Алабин атындағы Самар облыстық тарихи-өлкетану мұражайы қорынан алып ұсынған В. Ерофеев).

Фото № 1: Самарский областной комитет Всероссийского Союза городов. Фото сделано в помещении Самарской городской управы. 6 марта 1916 года. Слева направо. Сидят: П. П. Подбельский – присяжный поверенный, К. Г. Гладков – то же, **А. Г. Елшин – присяжный поверенный**, В. В. Тейс – гласный городской Думы, П. Л. Кузьмин – то же, С. Е. Пермяков – Са-

марский городской голова, председатель комитета, В. П. Ушаков – член городской управы, В. А. Тыртов – генерал-лейтенант в отставке, С. А. Елачич – издатель газеты «Волжский день». Стоят: **А. Н. Букейхан** (түпнұсқада **Букейханов**) – **бывший член Первой Государственной Думы**, А. В. Тейтель – агроном губернской земской управы, И. С. Анисимов – присяжный поверенный, М. Н. Лапушкин – техник канализационного отдела городской управы, Н. М. Скуляра – главный инженер городского комитета по снаряжению и снабжению армии, А. В. Матудский – главный врач того же комитета, Н. Ф. Николаевский – секретарь городской управы, **В. А. Кугушев – гласный городской Думы, князь**, М. П. Сидоров – помощник присяжного поверенного, Л. С. Кравцов – присяжный поверенный. На полу: Стояновский – техник областного комитета, М. С. Рябкин – помощник присяжного поверенного, В. А. Кузьмин – секретарь областного комитета, Н. И. Боголюбов – помощник присяжного поверенного (фото хранится в архиве Самарского областного историко-краеведческого музея им. П. В. Алабина. Предоставил В. Ерофеев.).



2-сурет: **Рамишвили, Исидор Иванович** (1859–1937) — грузин социал-демократы, меньшевик; мамандыгы бойынша мұғалім, Кутаиси губернесіне сайланған I Мемлекеттік Думаның депутаты. 1913 жылы тұтқындалып, Самар губернесіне жер аударылды.

Фото № 2: **Рамишвили, Исидор Иванович** – грузинский социал-демократ, меньшевик, по специальности – учитель, депутат I Государственной Думы от Кутаисской губернии. В 1913 году арестован и выслан в Самарскую губернию.



3-сурет (Фото № 2): А. Ф. Керенский (1881–1970).



4-сурет: Кнәз В. А. Кугушевтің Самар қаласындағы Қазан көшесі, 30 мекенжайында орналасқан 3 қабатты үйі. 1909–1917 жылдары Самарада саяси айдауда жүрген Ә. Н. Бөкейхан отбасымен бірге осы үйде тұрды (суретті тарих және археология орталығының директоры, тарих ғылымдарының докторы, профессор Мұрат Сыдықов ұсынды. Орал қал.).



Фото № 4: Дом князя В. А. Кугушева в Самаре, расположенный по адресу: ул. Казанская, 30. Весь период пребывания в ссылке в Самаре в 1909–1917 гг. А. Н. Букейхан вместе с семьей проживал в этом доме (фото предоставил Мурат Сдыков, доктор исторических наук, профессор, директор центра истории и археологии. Уральск.).



5-сурет. «Қазақ» газетінің құрылтайшылары (солдан оңға қарай): Ахмет Байтұрсынұлы, Әлихан Бөкейхан, Міржақып Дулатұлы.

Фото № 5. Основатели газеты «Казак» (слева направо): Ахмет Байтұрсынұлы, Алихан Букейхан, Миржакып Дулатұлы.



6-сурет: **Райымжан Мәрсеқұлы** – С.-Петербург университетінің заң факультетін бітірген заңгер, адвокат, «Қазақ» газетінің белсенді авторларының бірі.

Фото № 6: **Раимжан Марсекулы** (Марсеков) – выпускник юридического факультета С.-Петербургского университета, юрист, присяжный поверенный (адвокат). Один из активных авторов газеты «Қазақ».




7-сурет: **Мұхаметжан Тынышбайұлы** – теміржол көлігінің инженері, ғалым, публицист, Алашорда үкіметінің мүшесі, «Қазақ» газеті авторларының бірі.

Фото № 7: **Мухамеджан Тынышбайұлы** (Тынышпаев) – инженер железнодорожного транспорта, ученый, публицист, член Алаш-Орды, один из авторов газеты «Қазақ».

Жаралы басы:

Жаңа 3-дөм-дөмүктөгү 1-дөмүктөгү 78-нөмүр...
Атлан басы:
Франсуз басы:



Аурунборг حسین محمود اولادلی حسینوف دک

کتاب وچازو اسبانهاری مغزانی
من نوزدهن هارنابا، نوبارها هم هر دو اولاد انکی ادرای هم توری اولادلی
وحد اولادلی انک موی جیل...

Жаңа пәнді БІЛК КИТАПХАНАСИ

Kitabxana (kitaphana)
F. Yusupov No 2

Төзүлүшү жана мааниси
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод

Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод

Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод
Ал-Биринчи даражадагы
Книгопечатный завод

8-сурет. «Қазақ» газетінің 1913 жылы 7 саны. Орынбор. Фото № 8. № 7 газеты «Қазақ» от 1913 года. Оренбург.